

Өтініш мәтінінің үлгісі

Ескертулер:

- табылған әрбір қаза болған құсқа жеке өтініш жасалады;
- өтініш мәтіні *eOtinish* платформасындағы «сипаттамасы» жолына *eGov mobile* электронды үкімет мобильді қосымшасы немесе *eotinish.kz* сайты арқылы енгізіледі.
- Сұр түспен айрықшаланған тармақтар Сіздің деректеріңізбен ауыстырылады.
- өтініштің көшірмесі «Биоалуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» ҚК office@brcc.kz жіберіледі.

(*тұрғылықты мекенжайы*) мекенжайы бойынша тұратын, ЖСН (*ЖСН №*), Мен, (*ТАӘ толығымен*), телефон нөмірім: (*қолданыстағы телефон нөмірі*), (*күні: күні ай жылы*) электр беру желісінің астынан (*облыс, аудан, ең жақын елді мекенді көрсетіңіз*) қаза болған құстың қалдықтарын таптым. Табылған қалдықтардың координаттары: _____.

Қаза болған құстың қалдықтарының түрлік сәйкестілігі (*қажетті 1 немесе 2 тармақты таңдаңыз*):

- 1) анықталмаған (*түрлік сәйкестілігі анықталмаған жағдайда*);
- 2) (*түрлік сәйкестілігі анықталса, түрді орыс және латын тілінде көрсету*).

Құстың түрлік сәйкестілігі сарапшымен (*сарапшының қорытындысы қоса берілген жағдайда*) анықталды (*түр сәйкестілігі анықталған жағдайда сарапшының аты-жөні толық көрсетіңіз*).

Біздің ойымызша, электр беру желісінің тірегі (*егер анықтай алсаңыз, осы желіні иеленетін заңды тұлғаның атауын көрсетіңіз*) тиесілі.

Сізден электр беру желісінің иесін анықтау/нақтылау бойынша қажетті процессуалдық әрекеттерді орындауыңызды және (*қажетті 1 немесе 2 тармақты таңдауыңызды*) сұраймын:

- 1) ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 379-бабына сәйкес әкімшілік жаза қолдану және қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілген залалды өтеу;
- 2) ҚР Қылмыстық Кодексінің 338-бабына сәйкес заңды тұлғаны немесе оның лауазымды тұлғасын/тұлғаларын қылмыстық жауаптылыққа тарту (*бірнеше рет қаза болу фактілері тіркелген жағдайда*).

Шаралар қолданылмаған жағдайда, біз прокуратураға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жүгіну құқығын пайдалана аламыз.

Осы өтініштің көшірмесі «Биоалуантүрлілікті зерттеу және сақтау орталығы» ҚК office@brcc.kz жіберіледі.